


2020 жылғы қаңтар-шілдеге жиһаз өнеркәсібі бойынша дайджест



САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жиһаз өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге




Түсінік:

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2020 жылғы қаңтар-шілдеде 21,5 млрд. теңгені құрады, бұл, 2019 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 3% төмен. Сала өнімі өндірісі төмендеуінің негізгі факторы - коронавирус инфекциясымен күреске бағытталған Қазақстанда а.ж. наурызда енгізілген карантин шаралары. Карантин шектеулері енгізілген сауда бойынша серіктестес елдер тарапынан қазақстандық экспорт тауарларға сыртқы сұраныстың төмендеуі қосымша фактор болып отыр. Өндіріс көлемінің төмендеуі барлық негізгі өнім түрлері бойынша байқалады, тек жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаздан басқаларда (керует пен шкафтардан басқа) НКИ өсуі 8,6% құрады.

Өңірлер кесініндегі жиһаз өндірісінің
2020 ж. қаңтар-шілдедегі көлемі, млн. теңге

Жиһаз өндірісінің құндық көріністегі ең жоғары көлемі Алматы қ., Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарына келеді



**Жиһаз өнімі негізгі түрлері өндірісінің 2020 ж. қаңтар-шілдедегі
2019 ж. тиісті кезеңмен салыстырғандағы көлемі****Түсінік:**

2020 жылғы қаңтар-шілдеде заттай көріністе жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керует пен шкафтардан басқа) бойынша өндіріс көлемінің 8,6% өсуі байқалады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 7 айда өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда металл каркасты арнайы отыруға арналған жиһаз өндірісінің - 30,6% ға, ас үйге арналған жиһаз өндірісінің - 25,2%-ға, асханалар мен қонақ бөлмелерге арналған жиһаз өндірісінің - 22,8%-ға, кеңсеге арналған ағаш жиһаз өндірісінің – 8,1%-ға төмендегені байқалады.


Елімізде төтенше жағдай мен карантин енгізуге байланысты кәсіпорындардың амалсыз тоқтап тұруы, сондай-ақ, еліміз бен көрші мемлекеттердегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі жиһаз өндірісі көлемінің төмендеуінің негізгі себептері болып табылады.

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

САУДА ЖӘНЕ САТУ
НАРЫҒЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ




Экспорт млн. АҚШ долл. *



Экспорт

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2020 жылғы қаңтар-маусымда 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 1,6 есеге төмендеді және 2,0 млн. АҚШ долл. құрады, заттай көріністе – тиісінше 1,4 есе және 693 мың т. Көрші елдерде коронавирус бойынша карантин шараларын енгізуге байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуі жиһаз өнімі экспорты көлемінің азаюының негізгі факторы болып табылады.

Импорт, млн. АҚШ долл. *



Импорт

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2020 жылғы қаңтар-маусымда ақшалай көріністе 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 9,3% төмендеді және 113,2 млн. АҚШ долл. құрады, заттай көріністе - тиісінше 1,7 есе және 43,2 мың т. Елімізде коронавирус бойынша енгізілген карантин шараларына байланысты сұраныстың, сондай-ақ, экономикалық белсенділіктің төмендеуі импорт көлемінің азаюының негізгі себебі болып табылады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-маусымдағы экспорт/импорты

Экспорт	Мың АҚШ долл.	тонна	Импорт	Мың АҚШ долл.	тонна
Биіктікті реттейтін құрылғылармен, айналатын отыруға арналған жиһаз	482	110	Ағаштан жасалған жиһаз	27 824	13 669
Металдан жасалған жиһаз	339	141	Жатын бөлмеге арналған жиһаздар сияқты жиһаз	14 300	9 342
Металл қаркасты отыруға арналған қапталған жиһаз	251	81	Ағаш қаркасты отыруға арналған жиһаз	10 943	1 842
Ағаштан жасалған жиһаз	183	45	Металл, ағаш, басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөлшектері	10 547	5 413
Ағаш қаркасты отыруға арналған қапталған жиһаз	170	87	Металдан жасалған жиһаз	8 820	2 464

САЛАДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Жетістік шарттары

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Президент Жолдауының басым міндеттеріне сәйкес еңбек өнімділігі индустрияландырудың үшінші кезеңінің негізгі индикаторларының бірі болып анықталған.

«Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын іске асыру барысында барық жіберілген қателіктерді ескеру қажет. Еңбе өнімділігін ем дегенде 1,7 есеге көтеру қажет. Бұл ретте, «қарапайым заттар экономикасы» туралы ұмытуға болмайды. Бұл біздің жұмысымыздың басым бағыты», – деп атап өтті Президент.

«Қарапайым заттар экономикасының» негізгі тауар массасы құрылыс индустриясы, жеңіл және жиһаз өнеркәсібі салаларына жатады. Осыны ескере отырып, бұл салалардың дамуы ағымдағы жылы жеңіл және **жиһаз өнеркәсібі**, сондай-ақ, құрылыс индустриясының «жол картасына» сәйкес жүзеге асырылуда.

ҚР ИИДМ деректері бойынша қаржыландыру қолжетімсіздігінен басқа осы салалардың дамуын тежеуші факторлар: шикізат және сату нарығының жеткіліксіздігі, нарықта көлеңкелі айналымның болуы, білікті кадрлар жеткіліксіздігі және басқа да бірқатар проблемалар.

Аталған салаларды шикізатпен қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін жеке шикізат базасын дамытуға бағытталған іс-шаралар көзделген.

Жиһаз өнеркәсібінде кеңсе, үйге арналған жиһаз және басқа да жиһаз өндіретін қолданыстағы кәсіпорындардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жартылай фабрикат (ДСП, ДВП) өндірісін ұйымдастыру негізгі міндет болып табылады.

«Қарапайым заттар экономикасы» секторлары дамуының «жол карталары» 150 артық іс-шараны іске асыруды көздейді, оның қорытындысы бойынша орта мерзімді кезеңде өндірілетін тауарлар бойынша реттелетін сатып алуларда жергілікті қамту үлесі 50% артық өседі, өндірілетін өнім сапасы артады және контрафактілік өнім көлемі төмендейді. Ұсынылған шараларды іске асыру жыл сайын құрылыс материалдары, жеңіл және жиһаз өнеркәсібі өндірісі өнімін 73 млрд теңгеге (2021 жылға дейін – 219 млрд теңгеге) ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Дереккөз : www.kazpravda.kz



ШОБ тұрақты дамуының резервтері

Бүгінгі күні елімізде қызметтер, сауда және көлік салаларының көптеген субъектіері өз жұмысын жаңғыртуда. Алайда, микро-, шағын және орта бизнес проблемалары осымен аяқталмайды. Тәжірибелі практиктер тауарларды сақтау және жылжытудың ішкі және сыртқы логистикалық тізбектерінің алшақтығы, төмен тұтынушылық сұраныс және дағдарыстан кейінгі басқа да жағдайларда ШОБ жылдам көтерілуіне сенуге болмайтындығын түсінеді.

Халықтың төлем мүмкіндіктері айтарлықтай бұзылған. Ағымдағы жылғы маусымда хаықтың нақты табысы 1,7% қысқарды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қазақстандық ШОБ субъектілерінің алдында экономиканың перспективті және өнімді салаларының жаңа даму деңгейіне өту бойынша міндет тұр. Ұлттық палатада ШОБ экономикадағы рөлін арттыру және ЖІӨ-дегі оның үлесін 2025 жылы 35% дейін ұлғайту үшін мемлекеттік қолдау шараларын еңбек өнімділігін ынталандыруға және бизнес-процестердің технологиялық сыйымдылығын арттыруға бағыттаудың маңызды екендігін атап өтті.

ШОБ дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер импорт алмастыру саласында ғана жатқандығы жаңалық емес. Мысалы, Шымкентте өңдеу өнеркәсібінің қолданыстағы кәсіпорындарына жүргізілген паспорттау нәтижесінде 10 тауар позициясы бойынша импорт алмастырудың әлеуетті мүмкіндіктері анықталды: металл құрастырылымдары (58,6 млн долл.), сұйықтықты сорғы (35,5 млн), қара металдан жасалған өнім (31,5 млн), **жиһаз (23,4 млн)**, керамиоплита (12 млн), трансформатор (11,2 млн), кілем бұйымдары (7,4 млн), шырын (4,4 млн). Жалпы алғанда 313,8 млн доллар өнімді импорт алмастыру туралы айтылып отыр. Бұл тек бір өңірде.

Дереккөз: www.kazpravda.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



РЖАӨҚ: ресей өндірушілері жыл сайын ескірген техрегламент нәтижесінде \$150 млн жоғалтады

Ресей жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қауымдастығының (РЖАӨҚ) бағалауы бойынша жиһаз өндірісіне қойылатын нормативтік талаптарды өзектендіру ресейдің жиһаз саласын жыл сайын \$150 немесе ағымдағы экспорт көлемінің төрттен біріне ұлғайтуға көмектеседі.

«Жиһаз өнімінің қауіпсіздігі туралы 2012 ж. техникалық регламент бүгін — ресей жиһаз саласы экспорттық әлеуетінің дамуының негізгі кедергісі, — екендігіне сенімді РЖАӨҚ президенті Александр Шестаков.

РЖАӨҚ деректері бойынша 2018 ж. ресей жиһаз кәсіпорындары өндірілген өнімнің барлық көлемінің 12% экспорттады. 2019 ж. бұл көрсеткіш 17% дейін өсті, алайда, әлемдік жиһаз экпортында ресей үлесі бұрынғыдай өте аз және төмен пайызды құрайды. Негізгі себеп — қолданыстағы әлемдік стандарттарға сәйкес келмейтін жиһаз қауіпсіздігі бойынша ескірген техрегламенттер. Осыған байланысты шетел нарығын игеруші ресей кәсіпорындары бір өнімді екі рет сертификаттауға мәжбүр: әуелі ресей стандарттары бойынша, сосын, серіктес ел стандарттары бойынша. Александр Шестаковтың бағалауы бойынша жиһаздың бір номенклатуралық бірлігін қайта сертификаттау құны өндіруші үшін ондаған миллион рубльді құрайды және бірнеше айды алады.

Бұл Ресейде және шетелде жиһаз өндірісі мен қауіпсіздігі стандарттарына әр түрлі көзқараста болуға байланысты, - деп түсіндіреді IKEA компаниясының техникалық реттеу бойынша бағытының басшысы Марина Качурина.

«Бұның әсері айқын түрде көрсетілуі мүмкін, — дейді Марина Качурина. Мысалы, жұмсақ жиһаз бойынша біз жаһандық ассортименттің тек 30% сатамыз, бұл, техникалық реттеудегі айырмашылықтарға байланысты. Басқа да айырмашылықтар бар. Атап айтқанда, РФ-да жиһаздағы химиялық заттардың рұқсат етілген құрамы түпкілікті өнімде, ал, Еуропа мен АҚШ-та шикізат деңгейінде регламенттеледі. Нәтижесінде — ағаш-жоққа материалдардан жасалған жиһаздың барлық жиегін қорғаныс-сәндік жабынмен міндетті түрде жабу керек, ал, Еуропада жиһаз формальдегид деңгейі төмен ағаш тақтайлардан жасалады.

Жыл сайын бізге жаңа технологиялар және материалдармен жасалған өнімдерді ресей нарығына шығару қиындап барады, себебі, Ресейде

қолданыстағы техникалық регламент заманауи шындықты көрсетпейді».

«Техрегламентті үйлестіру тағы бір міндетті шешуі тиіс — бұл жиһаздың типті өлшемдерін үйлестіру, қазір олар өте көп, — екенігін атап өтті «Аскона» компаниялар тобының GR жөніндегі вице-президенті Алексей Говырин. Мысалы, бүкіл әлемде керуеттің стандартты ұзындығы — 2 м. Отандық өндірушілер ұзындығы 185, 190 см және т. б. керуеттер дайындайды. Нәтижесінде сатып алушылар кеңес уақытындағы мөлшерлі керует матрастарына қайдан тапсырыс беру керектігін іздейді».

Ресей техрегламенттерін әлемдік стандарттармен өзетендіру және үйлестіру проблемаларын шешу бизнестің емес, мемлекеттің құзыретінде — дейді, Александр Шестаков.

Дереккөз: amedoro.com

«Ангстрем» жиһаз холдингі Ресейде

АНГСТРЕМ автоматтандырылған және технологиялық жиһаз фабрикасын ашады

2020 ж. 28 тамызда «Масловский» индустриялық паркінде «Ангстрем» жиһаз холдингі (ЖХ) жаңа қасбет фабрикасының салтанатты ашылуы болды. «Ангстрем» өндірістік-логистикалық кешені Ресейдегі автоматтандырылған және технологиялық жиһаз фабрикаларының бірі болды. Кешеннің жобалық қуаты жылына 1,7 млн ш.м. тақтаға арналған материалды құрайды, қасбет фабрикасы бойынша — ауысымда 2800 қасбет.

Жоба Өнеркәсіпті дамыту қорының бесенді қолауымен ісе асырылды. Мемлекеттік қолдау шараларын тарту «Ангстрем» МХ «Комплекующие изделия» бағдарламасы бойынша 500 млн руб. мөлшерінде жеңілдікті қарыз алуға мүмкіндік берді.

Жаңа фабрикада еңбек өнімділігін арттыру «Еңбек өнімділігі және жұмыспен қамтуды қолдау» ұлттық жобасына қатысу шеңберінде Федералды құзырет орталығының сарапшыларымен бірге ісе асырылады. «Ангстрем» ЖХ қатысты кем дегенде 30 % өсуді күтеміз.

Дайын өнімнің 10 % дейін «Ангстрем» Беларусь, Украина, Қазақстан, Латвия және басқа да жақын шетелдерге экспорттауды жоспарлап отыр.

Дереккөз: amedoro.com